



## «Қазақстан объективте» фотобайқауының Ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже фотобайқауды (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, қатысуышыларды іріктеу тәртібін және байқауды өткізу мерзімін анықтайды.

### 2. Мақсат және міндеттер

2.1. Байқау фото өнері арқылы Қазақстанның табиғи және тарихи-мәдени мұрасы мәселелеріне назар аудару, отансүйгіштікке баулу, қоршаган ортаға, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, экология мен спорт мәселелеріне, жастардың рухани және ішкі дүниесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу мақсатында өткізілуде.

2.2. Фотосуретке қызығатын студенттер мен шығармашыл жастардың қабілеттерін арттыру, сондай-ақ оларға бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамның назарын аудару маңызды міндет болып табылады.

### 3. Байқау ұйымдастырушылары

3.1. Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері Университеті, «Тұран ТВ» телеарнасы, Qazaq Geography, Клуб путешественников «Almaty Nomad» (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

3.2. Ұйымдастыру - өтінімдерді қабылдайды, Байқау комиссиясының құрамын бекітеді, Байқаудың қорытындысын жариялайды.

3.3. Байқау комиссиясы (құрамында 7 адам), байқау жұмыстарын бағалайды, байқау жеңімпаздарын анықтайды.

3.4. Байқау ұйымдастырушылары Байқау талаптарына сәйкес келмейтін өтінім немесе жұмыс жіберген өтінім берушіні қатыстырмауга құқылы.

#### *4. Байқау талаптары*

4.1. Қатысуышыларды іріктеу талаптары келесідей:

4.1.1. Байқауға Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің 11 сынып оқушылары мен колледж студенттері қатыса алады.

4.2. Жұмыстарға қойылатын негізгі талаптар:

4.2.1. Әрбір қатысуыш байқауға 3 (үш) фотосуретке дейін ұсына алады.

4.2.2. Бір автор байқауға ұсынған 3 (үш) фотосурет, жанры, тақырыптық сипаты мен мазмұны бойынша әртүрлі болуы тиіс.

4.2.3. Байқаудың негізгі номинациялары:

- ✓ **Табиғат және әлем** – табиғат сұлулығы, жабайы флора мен фауна, табиғат құбылыстары, экологиялық проблемалар.
- ✓ **Мәдениет және адамдар** – салт-дәстүр, ұлттық бояу, портреттер мен өмір көріністері.
- ✓ **Өз әлемінді аш** – әлемге де ерекше көзқарас, авторлық интерпретация, ерекше ракурстар, спорт, хобби, қызығушылықтар, саяхат.

4.2.4. Фотосуреттер электронды түрде қабылданады, рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4.2.5. Фотосуреттер **2025 жылдың 10 мамырына дейін** ресми электронды мекенжайға: [info@turantv.kz](mailto:info@turantv.kz) қабылданады.

4.2.6. Тіркеу кезінде әрбір жұмыс автор туралы толық деректерді, оның ішінде толық аты-жөнін және жұмыстардың атауларын қамтуы керек.

4.3. Конкурсқа қатысуышылардың фотосуреттеріне келесі техникалық талаптар қойылады:

4.3.1. JPG / JPEG форматтарында;

4.3.2. әрбір суреттің өлшемі 5 Mb аспауы керек;

4.3.3. Фотосуреттердің файл атавы «Аты-жөні және номинация» форматында сақталуы және тіркелуі керек. Мысалы: «Омаров\_Табигат.jpg», «Омаров\_Мәдениет.jpg», «Омаров\_Өз\_әлемім.jpg».

4.3.4. Байқауға ұялы телефонмен түсірілген фотолар қатыса алады.

4.3.5. Байқауға қатысу Байқау шарттарымен келісу дегенді білдіреді.

4.3.6. Жұмысын тіркеген автор өзінің фотосуреттерін әлеуметтік (Instagram, Facebook) парапашасында #Kazakhstan\_in\_the\_lens хэштегін көрсетіп, сонымен қатар @turan\_tv, \*@ablaikhan\_university, @almatynomad аккаунттарын белгілеп жариялауды керек;

4.3.7. Анықтама телефондары: 8 (705) 915 6767 (Мадина), +7 777 752 1544 (Венера), Электрондық пошта: info@turantv.kz.

4.4. Жобаны бағалау:

- фотобайқау тақырыбына сәйкестігі;
- орындау техникасы мен сапасы;
- шығарманың идеясы мен мазмұнының өзіндік ерекшелігі;
- еңбек өнімділігі;
- жалпы қабылдау.

## **5. Байқауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

5.1. Қатысушы фотосуреттің авторы екенін және ешкімнің авторлық құқығын бұзбайтынын көрсете отырып, байқауға өзінің фотосуретін жібереді, сондай-ақ суреттің бұрын ешбір фотоконкурсқа ұсынылмағанына немесе ешбір басылымда/интернет-ресурста жарияланбағанына кепілдік береді.

5.2. Фотобайқауға қатысушылар авторлық және сабактас құқықтардың сақталуына жауапты. Байқауға қатысушының фотосуреттеріне қатысты үшінші тараптан қандай да бір шағымдар болған жағдайда, қатысушы мәселені өз мүмкіндіктеріне қарай шешуге және тиісті шығындарды өз есебінен жабуға міндеттенеді.

5.3. Байқауға өзінің фотосуретін жіберу арқылы Қатысушы өзінің Байқауға қатысуға келісімін және осы Ережеде көрсетілген Байқау шарттарымен келісетінін растайды.

5.4. Байқауға фотосуреттерін жіберу арқылы Қатысушы өз фотосуреттерін авторлық төлемсіз және коммерциялық емес мақсаттарда шектеусіз мөлшерде пайдалануға келісім береді. Ұйымдастырушылар фотобайқауда қатысушының фотосуретін әрбір пайдаланған сайын тиісті талаптарға сәйкес автордың толық аты-жөнін көрсетеді.

5.5. Келесі жұмыстар Байқауға қабылданбайды:

- жарияланған тақырыпқа сәйкес келмейтін;
- төмен техникалық деңгейде орындалған;
- эротикалық сипаттағы, зорлық-зомбылық пен қатыгездік, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру белгілері бар;
- автор туралы сенімді және ашық ақпаратсыз.

5.6. Ұйымдастырушылар авторға себептерін түсіндірмей, тиісті сапа және техникалық талаптарға сай келмейтін фотосуреттерді байқауға қатыстырмауға құқылы.

5.7. Ұйымдастырушылар байқауда жеңімпаз атанған фотосуреттерді өздерінің веб-сайттарында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялауға құқылы.

## 6. Байқау мерзімі:

6.1. Қатысушылар өтінімді [info@turantv.kz](mailto:info@turantv.kz) электрондық поштасына **2025 жылдың 10 мамырына дейін** жібереді.

6.2. Байқау 2 кезеңде өтеді: бастапқы техникалық іріктеу және Байқаудың қазылар алқасының іріктеуі.

6.3. Техникалық іріктеуді Ұйымдастырушының қызметкерлері жургізеді, олар фотосуреттердің Байқау мақсаттары мен талаптарына сәйкестігін

бағалайды. Және олар әр номинация бойынша 20 үздік фотосуретті таңдайды.

6.4. Әрбір номинация бойынша 20 (жиырма) үздік жұмысты байқау комиссиясы бағалайды.

6.5. Нәтижелері 2025 жылдың 30 мамырына дейін жарияланып, байқау жеңімпаздары марапатталады.

6.6. Комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады. Комиссия ұсынылған жұмыстардың қайсысы фотокөрмегे енетінін анықтауга құқылы.

## 7. Қорытынды шығару

7.1. Байқау жеңімпаздарын Ұйымдастырушының өкілдерінен, сондай-ақ тәуелсіз сарапшы фотографтардан, блогерлер мен журналистерден тұратын байқау комиссиясы анықтайды.

### 7.2. Байқаудың жүлде қоры:

1. Байқаудың жүлде қоры қатысушыларға арналған сыйлықтар кешені болып табылады. Қазақ және орыс бөлімдеріне бөлінген алғашқы үш орынға Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-нің «Журналистика» білім беру бағдарламасына бір оқу жылы үшін жеңілдіктер, сондай-ақ Туран ТВ арнасы және Qazaq Geography сыйлықтары ұсынылады.

2. Жеңімпаздар келесі номинациялар бойынша анықталды: «Табиғат және әлем», «Мәдениет және адамдар», «Өз әлемінді аш»

3. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ арнайы жүлдесі:

### Қазақ бөлімі:

1 орын – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУде «Журналистика» бағдарламасы бойынша оқуға бір оқу жылына 50% жеңілдік;

2 орын – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУде «Журналистика» бағдарламасы бойынша оқуға бір оқу жылына 30% жеңілдік;

3 орын – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУде «Журналистика» бағдарламасы бойынша оқуға бір оқу жылына 15% жеңілдік.

## **Русское отделение:**

1 орын – Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУде «Журналистика» бағдарламасы бойынша оқуға бір оқу жылына 50% жеңілдік;

2 орын – Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУде «Журналистика» бағдарламасы бойынша оқуға бір оқу жылына 30% жеңілдік;

3 орын – Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУде «Журналистика» бағдарламасы бойынша оқуға бір оқу жылына 15% жеңілдік.

4. Әр қазылар алқасының мүшесінен ұнаған жұмыстар үшін сыйлықтар.

5. Ұйымдастыруышыдан **20 ынталандыру сыйлығы** (футболкалар, бейсболкалар, термостар және басқа да реквизиттер).

7.3. Байқау нәтижелерін қазылар алқасы бекітеді және Ұйымдастыруышының ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

7.4. Байқау жеңімпаздары анықталғаннан кейін Ұйымдастыруышы жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне дейін бір аптадан кешіктірмей электрондық пошта және/немесе байланыс телефондары арқылы фотобайқау нәтижелері туралы хабарлайды.

7.5. Марапаттау рәсімі 2025 жылдың 30 мамырына дейін Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-дің ғимаратында оффлайн режимде өтеді. Байқау жеңімпаздарының жұмыстары қойылған фотокөрме Ұйымдастырылады. Фотосуреттер сонымен қатар университеттің әлеуметтік желілері мен «Тұран ТВ» телеарнасында жарияланып, байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар туралы репортаж жасалады.

7.6. Марапаттау рәсіміне келмеген жеңімпаздар жүлделерін алу үшін байқау жеңімпазы атанғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін отыз күн ішінде Ұйымдастыруышының мекен-жайына келуі керек, өзімен бірге жеке куәлігі болуы керек. Жеңімпаз жүлдені алуға жеке өзі келе алмаған жағдайда, жүлдені жүлдені алуға сенімхатта аты-жөні толық көрсетілген өкіл арқылы алуға болады.

7.7. Жеңімпаздар осы Ереженің 7.6-тармағында көрсетілген талапты орындаған жағдайда жулдені алу құқығынан айырылады.

## Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

## **Басқарма төрайымы – ректор**

Кунанбаева С.С.

## «Тұран ТВ» ЖШС

## бас директорының орынбасары

Кенжебаева А.С.

## POO “Qazaq Geography”

## Алматы қ. Өкілдігінің жетекшісі

Ботабеков Р.Б.

## **ОО “Клуб путешественников**

## **“Almaty Nomad” директоры**

A circular official stamp from the Almaty City Hall, Kazakhstan. The outer ring contains the text "АЛАМАТЫ қаласындағы Администрацияның Қоғамдық мекемесі" (Almaty City Hall) in Kazakh. The inner circle contains "АДМИНИСТРАЦИЯ ГОРОДА АЛМАТА" (Administration of the city of Almaty). A blue ink signature of "Алжанат Ахметов" is overlaid on the stamp.

Ашилова М.С.